

**Кімге:** Батыс Қазақстан облысының білім басқармасына  
**Автордың аты-жөні және лауазымы:** Ақжайық ауданы Жаңабұлақ  
ауылдық округ әкім аппаратының бас маманы Бекбулатова Динара  
Азильхановна  
**Күні:** 16.10.2024 ж.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру

**Кілт сөздер:** қаржылық сауаттылық, қаржы, білім

**Кіріспе**

**Негізгі бөлім**

**Ұсыным**

**Қорытынды**

**Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

**Кіріспе**

Қаржылық сауаттылық дегеніміз – ақшаның еркін айналымын қамтамасыз ете алу, оны жұмсай білу қабілеті. Яғни қаржылық, экономикалық үрдістерді түсініп, талдап және ол машықтарды күнделікті өмірде қолдана алу – қаржылық сауаттылықтың негізі. Қарапайым логика, білім мен дағдылардың жиынтығы. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің негізгі элементі болып табылып, халық пен бизнестің қаржылық көрсетілетін қызметтерге үздіксіз қол жеткізуінің, қаржылық тұрақтылық пен қоғамдық әл-ауқатты қамтамасыз етудің шарты болып табылады.

**Негізгі бөлім**

**Қаржылық сауаттылық шартты түрде үш санатқа бөлінеді:**

1. Біріншісі – бұл қаржы ұйымдарының мобильді қосымшаларын, интернет-банкингті пайдалану үшін, кибералаяқтарға қарсы іс-қимыл және т.б. үшін қажетті техникалық білім.

2. Екіншісі – құқықтық сауаттылық. Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар ретінде өз құқықтарын білу, қаржы ұйымдарымен жасалған шартты оқи білу және түсіне білу, заңнаманы білу сізді болашақта көптеген күтпеген жағдайлардан сақтандыруы мүмкін.

3. Ең негізгісі – бұл қаржылық жоспарлау. Үшінші тармақ – меншікті қаражатыңызды жүргізе білу, жеке немесе отбасы бюджетін басқару бойынша дұрыс және сараланған шешім қабылдау.

Уақыт қашан да өз өмірін жүргізеді. Заман ағымына қарай қаржы әлемі де күннен күнге өзгеріп отырады. Осы әлемде дұрыс бағдарлану, өз қаражатыңызды тиімді басқару үшін қаржылық сауаттылық деңгейіңізді үнемі көтеріп отыру, сондай-ақ ақпараттық технологиялар мен құқықтық саладағы білімді толықтырып отыру – уақыт талабы.

## **Қаржылық сауаттылық өзара байланысты төрт құрауыштан тұрады:**

1.Қамту деңгейі – халықты қаржылық көрсетілетін қызметтермен қамту тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың сенімді жүйесімен қатар азаматтардың қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтудің және қаржы жүйесінің тұрақтылығын нығайтудың маңызды құралы болып саналады. Ол халықты тұрмыс үшін қажетті қаржылық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету көрсеткіштерінің кешеніне, қаржылық инфрақұрылымның болуына, қаржы нарығын цифрландыру деңгейіне және қаржылық инклюзияға қатысты болады. Тұтынушылардың қаржы өнімдері мен қызметтерінің аспектілері жөнінде хабардар болуымен қатар қамтуға қаржылық қолжетімділік және технологияны қолдану кіреді.

2.Қаржылық әрекет – қаржылық сауаттылықтың базисі, ол отбасылық бюджетті жоспарлаудан, оның ішінде ұзақ перспективаға жоспарлаудан басталады. Қаржылық жоспарлау білімі мен дағдысы дамымай, бүгінгі күнді ғана ойлау әдеті қала береді.

3.Қаржылық білім тәуекелдер және кірістілік, процентдық мөлшерлемелер, инфляция, қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлемдер арасындағы айырма, ипотека, қаржы нарығының жұмыс істеу қағидаттары туралы, қаржы институттарының сипаты мен функциялары, қаржы құралдары туралы қарапайым түсінікті, сондай-ақ заң және салық сауаттылығының негіздерін түсінуді білдіреді.

4.Қаржылық дағдылар тұтынушының шартты оқи білуін және оның талаптарын түсінуді, біртекті қызметтерді салыстыруды және балама, жеке тұтынуға сәйкес келетін қызметтерді таба алуды білуді, болашақ шығыстарды есептей білуді және тәуекелдерді барынша азайтуды түсінуді сипаттайды.

## **Халықтың қаржылық сауаттылығы деңгейінің оң серпінін сипаттайтын сапалы көрсеткіштер:**

- 1) азаматтардың қаржылық жоспарлау және күтпеген жағдайлар туындаған кезде резервтер қалыптастыру дағдыларын дамыту;
- 2) азаматтарда қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін белсенді экономикалық мінез-құлыққа бағдарланған ойлаудың жаңа түрін қалыптастыру;
- 3) қаржылық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың қаржы секторына сенімін арттыру;
- 4) халықтың жалпы экономикалық белсенділігін арттыру, кәсіпкерлікті қолдау және жеке бизнесті құру;
- 5) цифрлық шешімдерді пайдалану есебінен қаржылық сауаттылық бойынша іс-шаралардың тиімділігін және қамтылуын арттыру.

## **Статистикалық деректер:**

2023 жылы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі халықтың қаржылық сауаттылығының негізгі көрсеткіштеріне төртінші рет зерттеу жүргізді. Пікіртерім 18 жастан 63 жасқа дейінгі және одан үлкен

жастағы топтардың арасында өтті, оған республикалық маңызы бар 3 қаладан және Қазақстанның барлық облысынан 3 мың адам қатысты.

Зерттеу нәтижелері халықтың қаржылық сауаттылығының меншікті қаржы қаражатын басқару, қаржылық қызметтерді пайдалана алу және қаржы жүйесі туралы хабардар болу сияқты негізгі индикаторларының серпінін көрсетеді.

2023 жылы индекс 40,5%-ды (2022 ж. – 40,3%; 2021 ж. – 39,52%; 2020 ж. – 39,07%) құрады. Ағымдағы зерттеу халықтың хабардар болу деңгейінің басым екенін көрсетті – 42,8% (2022 ж. – 41%, 2021 ж. – 35,5%). Бұл ретте, «Меншікті қаржы қаражатын басқару» ең төмен көрсеткіш – 38,6% (2022 ж. – 39,6%, 2021 ж. – 42,57%) көрсетті. Орта көрсеткіш – 40,1% қаржылық қызметтерді пайдалану саласында тіркелді (2022 ж. – 40,1%; 2021 ж. – 40,5%).

Зерттеудің «Меншікті қаржы қаражатын басқару» бөлімі кірістер мен шығыстарды бөлу дағдыларының серпінді екенін көрсетеді.

Сандық көрсеткіш ретінде 2024 жылы 41%-ке тең қаржылық сауаттылық деңгейіне қол жеткізді.

### **Ұсыным**

**Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру ұсыныстары:**

Қаржылық сауаттылық деңгейі мен қаржылық мүмкіндіктері әртүрлі аудиторияға, барлық әлеуметтік топтарға арналған түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бұл қызметтер қолжетімді болуы шарт.

Мектеп бағдарламасына қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында пәндер енгізу.

Аудан, ауылдық округтерде өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы сынды, қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған бұрыштар ұйымдастыру.

### **Қорытынды**

Соңғы статистикалық деректерге сүйенсек жалпы халықтың қаржылық сауаттылығы алға қарай қадам басқан.

Халықтың қаржылық сауаттылығының жоғары деңгейі азаматтардың өмір деңгейінің жоғарылауына, жеке инвесторлардан қаражаттың ел экономикасына келуіне, қаржы нарықтарындағы бәсекелестіктің дамуына, қаржылық тұрақтылықтың нығаюына және халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді.

Қаржылық сауаттылық – бұл қаржылық мақсаттарға қол жеткізудің кілті екенін есте сақтағанымыз жөн.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «fingramota.kz» сайты
2. «ZASALASH» Республикалық қоғамдық-саяси газеті (Баян Мұратбекқызы жазбалары)